

## №8 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «2» мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: акт зал

Қатысқандар: мүшелері

### КҮН ТӘРТІБІ:

- Жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, жарақаттанудың және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары;
- Ата-аналардың жазғы уақыттағы бала қауіпсіздігіне жауапкершілігін арттыру және түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру;

**ТЫҢДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М сөз сөйледі. Ол жазғы уақытта балалардың бос уақыты көп болатындықтан, қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шығатынын айтты. Оқушылар арасында жарақаттанудың алдын алу үшін келесі негізгі қауіпсіздік ережелерін ерекше түсіндіру қажеттігін баса айтты:

- Судағы қауіпсіздік: Рұқсат етілмеген, белгісіз су қоймаларына шомылуға қатаң тыйым салу.
- Жол қауіпсіздігі: Велосипед, самокат, мопед айдау кезіндегі ережелерді және жаяу жүргінші міндеттерін сақтау.
- Өрт қауіпсіздігі: Табиғат аясында, үйде отпен абай болу, электр құрылғыларын қараусыз қалдырмау.
- Терезеден құлаудың алдын алу: Кішкентай балалар бар үйлерде москит торына сенбеу, терезе бекіткіштерін орнату.

Сонымен қатар, мектеп инспекторы сөз алып, жазғы уақытта да ҚР заңнамасына сәйкес сағат 23:00-ден кейін кәмелетке толмағандардың көшеде және ойын-сауық орындарында заңды өкілдерінсіз (ата-анасынсыз) жүруіне тыйым салынатынын, ереже бұзылған жағдайда ата-аналарға әкімшілік шара қолданылатынын ескертті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша АӘТД пәнінің мұғалімі нБалабеков Е.Г. сөз сөйледі. Ол сынып жетекшілеріне әрбір оқушымен және ата-анамен жеке нұсқамалық (инструктаж) жүргізіп, арнайы журналға қол қойдыруды міндеттеу қажеттігін айтты. Жазғы лагерьлерге баратын балалардың қауіпсіздігі де қатаң бақылауда болуы тиіс екені ескертілді.

### Шешімі:

Сынып жетекшілеріне тапсырылсын: Барлық сыныптарда (1-11 сынып) «Қауіпсіз жаз» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілсін. Оқушылармен судағы, жолдағы, өрт қауіпсіздігі және түнде көшеде жүру ережелері бойынша нұсқамалық жүргізіліп, Қауіпсіздік журналына оқушылардың (жоғары сыныптар) қолы қойылсын;

Ата-аналармен жұмыс бойынша: Онлайн немесе офлайн форматта ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, балалардың жазғы демалысындағы қауіпсіздігіне ата-ананың тікелей жауапты екендігі туралы Ескерту-хаттар (памятка) таратылсын және қолдары жиналсын. Ата-аналарға балалардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі мен киберқауіпсіздігін бақылауда ұстау ұсынылсын;

Бақылау және үйлестіру: Мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторы жаз айларында шағын ауданда түнгі рейдтік шараларды тұрақты жүргізісін;

Хатшы:



Арингазина Д.Д